

"2012 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № 228 қаулыға толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 320 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бородулиха ауданындағы Әділет басқармасында 2012 жылғы 13 сәуірде N 5-8-148 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қарашадағы N 538 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2012.11.23 N 538 қаулысымен (ресми жарияланғанынан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31- бабы 1-тармағының 13) тармақшасы, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабы негізінде, мемлекеттік кепілдіктер жүйесін кеңейту мақсатында және жұмысқа орналасу кезінде қиыншылық көріп отырған халықтың әртүрлі топтарын қолдау үшін, Бородулиха ауданының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. «2012 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № 228 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2012 жылдың 13 қаңтарында № 5-8-143 тіркелген, аудандық газеттерде «Аудан тынысы» 2012 жылдың 20 қаңтарында № 7(198), «Пульс района» 2012 жылдың 20 қаңтарында № 7 (6517) жарияланған) келесі толықтыру е н г і з і л с і н :

қаулыға № 1 қосымшада 1-жолдың 3-бағаны келесі мазмұнмен толықтырылсын: «көкөністерді өсіру – 15 га, құстарды өсіру – 500 бас».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. А. А т а е в а ғ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
Бородулиха
2012 жылғы
қаулысына 1-қосымша

Г. Акулов
ауданы
26 наурыздағы

әкімдігінің
№ 320

Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдар мен мекемелердің тізбесі, қоғамдық жұмыстардың көлемдері, қаржыландыру көздері және нақты шарттары

№	Жұмыс берушінің атауы	Жұмыстардың көлемі	Сұраныс (жарияланған қажеттілік, орындар саны)	Ұсыныс (бекітілді, орындар саны)	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6
1	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын Бородулиха ауданының кенттік және ауылдық округтері әкімдерінің аппараттары, дербес бөлімдер	Үй-үйді аралау, әр шаруашылық бойынша кітаптарды толтыру, көшелерді жинау, саябақтарды, скверлерді , малдарды ветеринарлық залалсыздандыру, пошта тасу, үй-жайларды жөндеу, құжаттарды ресімдеуге көмек, көкөністерді өсіру – 15 га, құстарды өсіру – 500 бас.	286	286	жергілікті бюджет

Аудан әкімі аппаратының басшысы

С. Лазурин